

Ислам ЖЕМЕНЕЙ

«ТАРИХ-И-РАШИДИ» ЕҢБЕГІНДЕГІ
ТҮРКІ ӨЛЕҢДЕРІ

В статье рассматривается круг проблем, касающийся причин использования автором Мухаммедом Хайдаром Дуғлатом тюркских стихов в знаменитом произведении «Тарих-и Рашиди», определения этимологии словарного запаса стихов и перевода содержания на казахский язык.

Bu makalede araştırmacı meşhur âlim Muhamın Dulatı'nın "Tarih-i Raşidi" adlı eserindeki Türk şiirli beytlerinin kullanım nedeni, şiirlerdeki kelimelerin kavram açısından Kazak Türkçesine aktarılması gi üzerinde durmuştur.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дұғлат (1499-1551) – Орталық Азияның XVI ғасырдағы атақты тарихшы, әдебиет майталманы және мемлекет қайраткері. Ол әйгілі «Тарих-и-Рашиди» еңбегінің авторы ретінде тарих беттерінен нақ орын алған. Әдебиетте көбінесе Мырза Хайдар есімімен аталды. Оның ата-бабалары XIV-XVI ғасырларда Моғолстанда билік құрған беделді Дулат әмірлерінен болған. Шағатай хандары тарапынан тарту етілген артықшылыққа және «тархан» атауына ие болған (Тархан не тәрхан: текті, басшы деген мағынаны білдіреді. Тархан моңғолдар дәуірінде берілетін атак болған. Бұл атаққа ие болған басшы салым төлеуден босатылатын әрі алдынала рұқсат алмай-ақ шах хұзырына бара алатын) [1-406], Қашғар уәлаятының әміршілігі олардың мұралық билігіне берілген-ді.

«Тарих-и-Рашиди» еңбегі мазмұндық және стильдік тұрғыдан тек қана тарихи шығарма емес. Онда автор тарихи оқиғаларды естелік түрінде баяндайды. Тарихи оқиғаларды баяндауда барынша көркемдеп, қарапайым тілмен айтуға тырысады. Әрі әрбір оқиғаға, кейіпкердің мінез-құлқына өз көзқарасын білдіреді. Мырза Хайдар барлық жағдайларда өзінің исламдық нанымына арқа сүйейді. Сол себептен шығармасында да Исламдық Шығыс әдебиетінде қалыптасқан әдеби стильді пайдаланып, оның әдебилігін қуаттайды. Мәселен, Исламдық Шығыс әдебиетіне тән мадақ және мадақ түрлері, мүнәжат, түрлі шығыстық поэзия жанрларын тағы басқа формаларын пайдаланған.

Мырза Хайдар шығармасында исламдық қағида адамның өміріне, тіршілігіне тікелей қатысты екенін білдіру үшін оқиғаларды баяндап отырғанда Құраннан аяттар келтіріп, оған баға береді, талдайды. Екінші жағынан, осы әдіс арқылы исламдық дүниетанымды ел арасында дәріптеу, талқылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, оқиғаларды, кейіпкерлердің бейнесін өлең жолдарын келтіре отырып әрлендіреді. Автор өз шығармасында түрлі жағдайларға байланысты парсы, араб және түркі бәйіттерін пайдаланғанын көреміз.

Біз бұл мақаламызда шығармадағы түркі өлеңдерін үш тұрғыдан қарастырдық. Біріншіден – түркі бәйіттерін не себептен пайдаланды.

екіншіден - өлеңдеріндегі сөздік қорының этимологиясын айқындау, үшіншіден – қандай мазмұнда болғанын белгілеу мақсатында өлеңдерін мазмұндық тұрғыдан қазақ тіліне аудару.

Мырза Хайдар еңбегінің бірінші дәптерінің «Сұлтан Саид ханның мақтан етерлік қасиеті және ерекше мінезі жайында әңгіме» атты тарауында «Сұлтан Саид хан (1486-1533) қадірлі, бақытты және қуатты патша еді. Әр түрлі қасиет дарыған, мақтан етерлік мінез-құлық бойына біткен ол жасы қырық сегізге караған шағында Хақ тағаланың рахметіне бөленіп, о дүниеден орын алды» деп бастап, Сұлтан Саид ханның өнері мен шығармашылық дарыны жайында: «Білімдарлығына келгенде мен оған тең келер кісі көрмедім. Тіпті, егер де оның қолына сауатсыз, сөздері түсініксіз хат түсетін болса, мейлі өлең, кара сөз болсын бәрібір кідіріссіз оқи алатыны соншалық оны (көрген) біреу, бәлкім, мәтінін жаттан білетін шығар деп күмәнданатын да болар. Ол нәстәлік жазу үлгісімен көрнекі жазатын. Парсыша, түрікше өте сауатты, дұрыс, мінсіз жазатын.

Түркі тілінде шығарма жазғанда оған басқалардың теңесуі мүмкін емес еді. Өлең шығарғанда оның күш-қуаты мен дарынына тең келер адам сирек кездесетін. Ол ешқашан өлеңді ойланып отырып жазбайтын, ылғи шабыттанып отырып айтатын. Басқосуларда алдындағы диуандарды (өлең жинағы) ашып, қандай мақам, қандай ырғақ демей, соған сәйкес өлеңді суырып салып айта беретін, әрі оны бір-екі рет оқитын, естіген жан жадында сақтап қалатын, олай болмаған жағдайда жазып алуға келіспейтін. Мен сондай жиындардың бірінде хан суырыпсалып айтқан өлеңдерін есімде сақтап қалған едім. Солардың ішінен бірнеше бәйітті осы жерде келтіре кетейін» [2-92^a-93^a], – деп жазған-ды.

- қәйси гошәннинг юзунг дик бир гол рәһнаси бар
- қәйси голниниг бир минг дик бол бол шейдаси бар
- һур бир ле жәннәт алмани кунглум нейласун
- ярнинг куиде юз минг жәннәт алмауы бар
- юзи узре какол у золфин пәришан куркали
- ай саид ашофте кунглумнинг әжәб соудасы бар [2-93^a]

Бұл шумақ үш бәйіттен тұрады. Парсының классикалық поэзиясының ең кіші бөлігін бәйіт дейді. Бір бәйіт екі мысрадан тұрады. Бірінші және екінші мысра деп аталады.

қәйси: қай
голшән: гүлзар инг: ін
юз: түр, әлпет.

Сөздігі:
Шейда: ғашық
һур: хур
кунгл: көңіл

нг: н	нейласун: не қылсын
дик: дей, дай, тең.	куй: ауыл
гол; гүл	узре: бетінде, үстінде
рәһна: шырайлы	какол: кекіл
мәва: мекен, жай	золф: шаш
пәришан: шашылған, төгілген (шашқа қатысты)	ашофте: абыржыған
	соуда: арман.

Бұл шумақта – голшән (гүлзар), гол (гүл), рәһна (шырайлы), шейда (ғашық), какол (кекіл), золф (шаш), пәришан (...төгілген), ашофте (абыржыған), соуда (арман) сөздерінің түбірі парсыша болса, һур (хур) араб сөзі екенін айту керек. Енді өлеңнің қазақша тәржімасы:

Бақшада өскен гүлдердің қандайы саған тең келер
Мыңға жуық ғашықтық гүлден шырайлы саған сый келер.
Неге керек жаннат жайы, көңілде хұр жүргенде
Жаннат жайы, жар ауылы нұр ойнаған жүзімде.
Ғажап кекіл шашыңның төгілгенін көргенде
Арманым бар, әй Саид, абыржыған көңілде.

II түркі өлең:

Шокролла һаләтим заһер болубтур ярге
Имди яр алинда озни курсанг голстан ичре ол сәрв-е рәван
Бәнде булсун сәрвара ол кәд-у рәфтарге
Ғосседин қан иәғласам әиб айтмангиз зарни
Бәс кила алмам ни тәмами бу диде хунбар

Сөздігі:

Шокролла: Шүкір Алла	Сейр: серуен
һаләт: жағдай, хал, ахуал	Сәрв: қарағай тұқымдас ағаш.
Заһер болу: көріну	Рәван: жүруші.
Имди: енді	Сәрв ара: қарағайды сәндеуші
Алинда: алдында	Хун бар: қан аққан
әғяр: өзге, бөгде, жат.	Диде: көз, жанар

Заһер (сырт көрініс), әғяр (бөгде), сейр (серуен), араб түбірлі сөздер. Сәрв, сәрвара, хунбар (хун+бар), диде парсы түбірлі сөздер, енді өлең шумағының қазақшасы:

Аллаға шүкір, жағдайым белгілі болды жарыма,
Өзімді көрем іздеген сүйікті жардың алдында.

Серуендеп кірсең гүлзарға, жолыңда сенің жолығар,
Ондағы өскен қарағай бойыңа сенің табынар.
Қан жыласам құсадан айып етпе, зарыма
Жанарымнан қан ағып, жете алмадым жарыма.

Түркі өлең:

Әһд қилдинг ке вәфақилғайсин
Юк ке жаниме жәфа қилғайсин
Атмасын ғәмзе уки бирле мәни
Қорқадурмин ке хәта қилғайсин
Мәнка дирсин ке вәфа қилғумдүр
Илга қилғанче мәнка қилғайсин

Сөздігі:

Әһд: уәде

Вәфа: опа, берілгендік

Жәфа. жапа, опасыздық, қинау

Ғәмзе: қылымсу

Бұндағы әһд, вәра, жәфа және ғәмзе барлығы араб түбірлі сөздер. Енді қазақ тіліне аудармасы:

Уәдені бердің маған, мені мәңгі сүйеге
Шөп салмастан көзіме, ләззат сыйлап жүруге.
Көзбен ашып жақтыр мені қырын қарап жатпағын,
Жараламай жүректі сезім отын жақпағын.
Інкәрліктің қақпағын өзгелерге ашпағын
Уәденің дәмдісін маған ғана сақтағын.

Бәйітші Саид ханның жоғарыдағы түркі өлеңдері думан жиынның көңіл ашар бәйіттері екенін ұғыну қиын емес, екіншіден, Саид хан Мауароннаһр мен Жетісудан ығыстырылып, Шығыс Түркістанда өзінің жаңаша хандығын құрған кезде билік басында әскери күштеріндегі кадрлардың басым көпшілігі түрік тайпалары болған-ды. Бірақ, Саид хан қанша түркі тіліне құрметпен қарап, оны қолданса, өзінің парсы-араб тіліне аса зор мән бергенін оның өлең шумақтарынан көре аламыз. Шумақтарында парсы-араб сөздері көптеп кездеседі. Сондықтан болар Саид хан қаншалықты Шығыс Түркістан мәдениеті мен әдебиетінің өркендеуіне қызмет жасап, мәдениет пен өнер адамдарын қолдаса да, ұйғырдың қазіргі заманғы ғалымдарының «Саид хан дәуірінде мәдениет саласы айтарлықтай өркендеген болса, әдебиет пен өнер де араб және парсылардың ықпалына көбірек түсті. Нәтижесінде ұйғыр тілінің тазалығы бұзылды. Бұл жағдайды Саид хан дәуірінің мәдениет саласындағы кемшілік тұсы деуге болды» делінген сынына ұшырады [3-538].

Екіншіден, Саид ханның түрікшесі ұйғыр тілінің негізі болып қалды. Бірақ та, шағатай тілі ретінде Орталық Азия, тіпті, анау Кавказға дейінгі территорияда түрік халықтарының ортақ тілі болып ХХ ғасырдың бастапқы жылдарына дейін қолданылды. Сондай-ақ, қазақ тілі көшпелі өмірдің арқасында араб-парсы тілдерінің ықпалына көндікпей келсе де, жазба хаттамаларда және жазба әдебиетте шағатай, түрік тілін ХХ ғасырдың алғашқы ширегіне дейін қолданып келді. Бұл сөзімізге «Молда Мәди Меркішұлының шығармалары» атты еңбегі айғақ бола алады [4].

Екінші дәптердің «Әкем Мұхаммед Хүсейін Көрекеннің Алла жарылғасын Шаһибек ханнан Хорасанға қашып баруы және оған қатысты бірнеше әңгіме» атты тарауына: Шаһибек хан (Шейбани хан) Хорасанды жаулап алғанда, белгілі ақындар қатарында болған Сұлтан Ахмет Мырза Әмірзадаларының бірі, Әмір Моғол түрікше өлең шығарған еді.

Алма аләмени ке аләмда бәси ғамлар бар

Ал кунгл мемлекетин. Кур ке ни аләмлар бар [5-48^a]

Бұл бәйітте қазақ оқырманына түсініксіз бірде-бір сөз жоқ. Өйткені, арабтан аләм (әлем, ғалам) мемлекет сөздері және парсының ғәм (қам, құса, мұң) сөзі қазақтың төл сөзіне айналып кеткен. Тек парсының «бәси» (қазақшасы көп, мол, толы) сөзі қазақ тіліне енген жоқ. Бәйіттің қазақша тәржімасы:

Жаулап алып қайтесіз мұңға толы әлемді

Көңіл жұртын жауласаң көресің кең әлемді.

Ақын Әмір Моғол аталған бір бәйіттің арқасында Шаһибектен алпыс мың Шахрухи сыйлық алды.

Мырза Хайдардың «Тарих-и-Рашиди» еңбегіндегі түрікше өлеңдердің қатары жоғарыда аталған тарауда толығыады. Әлішер Науаимен бірге Банаи есімді замандас ақын болған. Екеуінің арасында ылғи қатты қалжың болып тұратын.

Әрине, кез келген шығарманы бастап кету қиын шаруа, ал ақындар үшін бір басталып кетсе оны жалғастыру оңай болар еді. Әлішер Науаи өмір сүрген кезде «мәтлә бәйіт» (бастауыш бәйіт) сатып алу дәстүрі болған. Сол себепті Әлішер Науаи түрікше жырланған бір «мәтлә» бәйітті Маулана Саһибиден, екінші рет тағы бір түрікше бастауыш бәйітті Маулана Лүтпіден сатып алған-ды.

Маулана Саһибиден: Кукраким дүр Собһининг пираһәнидин чакрак

Кирпиким шәбнам тугулкан сәбзедин нәмнакрак [5-125^b]

Сөздігі:

Кукрак: көкірек

Кирпик: кірпік

Собһ: тәңсәрі (парсы)

Шәбнәм: шық (парсы)

Пираһан: көйлек (парсы)

Сәбзе: жасыл шөп (парсы)

Чак: жыртық (парсы)

Нәм: ылғал (парсы)

Чакрак: жыртықтау

Көкірегім ашық менің таң сәрінің арайындай
Кірпіктегі тұнық мөлдір, таңғы шықтың шапағындай.
Маулана Лүтпіден: башимиздин сайейе сәрву қәдинг кәм булмасун
Зат-е пакинг булмаса аләмда адам булмасин [5-125^б]

Сөздігі:

Сайе: көлеңе (парсы)

Зат: болмыс, зат (парсы)

Қәд: бои (парсы)

Пак: пәк (парсы)

Кәм: кем (парсы)

Аудармасы:

Көлеңкесі сұңғақ бойдың сақталса екен басымызда
Бұл әлемде пәк жарсыз болмаса екен бір адамда.

Бұл екі бәйіттің сөз құрамында парсы тілінің ықпалы айқын көрініс тапқан. Әлішер Науаимен Банаи арасындағы қалжыңдарға аталмыш екі түрікше бастауыш бәйіттер арқау болған. Ол былай – Науаи Банайдан сізше өлең жинақтардың ішіндегі қай өлеңнің бастауыш бәйіті жақсы деп сұрайды. Ол түрік тіліндегі мына:

Көкірегім ашық менің таң сәрінің арайындай
Кірпіктегі тұнық мөлдір, таңғы шықтың шапағындай.

Бәйіттің жұртқа ұнайды деді. Науаи оны мен Маулана Саһибиден сатып алғанмын. Қырсықпай, дұрыс жауап бер деп сұрайды. Банаи: «Жарайды, сіздің де жақсы өлеңдеріңіз көп. Мына өлеңіңіз жаңағы өлеңіңізден де жақсырақ», – деп түрік тіліндегі мына бастауыш бәйітті:

Көлеңкесі сұңғақ бойдың сақталса екен басымызда

Бұл әлемде пәк жарсыз болмаса екен бір адамда – деп оқып береді. Науаи бұл бәйіт жаңағыдан жақсырақ болса да, бұл Маулана Лүтпінікі, сен де қыңыр екенсің деп, тағы да ренжісіп тарасады [5-122^б].

Мырза Хайдар «Мансұр хан жөнінде қысқаша әңгіме» тарауында өмірдің жапасынан, адамдардың опасыздығынан шағым айтып нағашы ағасы Сұлтан Махмұд ханның мына түрікше өлеңін «көңіл басу» ретінде әңгімесіне арқау етеді:

Аләм әһли бирле аләмдин вәфа тапмас киши
әй хуш ол азад, ким аләм биле йоктур иши [5-215^б].

Бұл бәйітте парсының «әһл», яғни, тұрғын сөзінен басқа сөздерді

жатсынбаймыз. Енді қазақшасын келтірейік:

Бұл әлемде өмір сүрген жақсылық бар ма кісіге
Бейқам жүрген адамдардың қызығарсың ісіне.

Мырза Хайдар еңбегінің «Негізгі әңгімеге қайта оралу» тарауындағы Саид ханның ішімдікке салынып ішетінін мына түрікше бәйітпен сипаттаған:
Алчекуге жам әжәл кунглум да ол сақи дүрәр
Тулғунже пейманым ол сақи биле бақи дүрәр.

Сөздігі:

алчекуче: ?

әжәл: ажал (араб)

жам: кесе (парсы)

сақи: аяқшы (парсы)

тулғунже: толғанша

пейман: кесе, румка (парсы)

бақи: мәңгі (араб)

Аудармасы:

Құй даяшы кесеме ішетін ажал жеткенше
Көңілім толып, кесеммен даяшы мәңгі кеткенше.

Хан сонша шарапқа берілген болса да, ішкіштігінен толықтай арылып кетер деп кім ойлаған деп автор таң қалады.

Мырза Хайдар өзі өмір бойы сыйлап өткен тәрбие беруші қамқоршысы Саид ханның өзіне соңғы жіберген хатындағы түрікше рубаиын еңбегінің «Хан істерінің аяқталуы және оның өмірін қысқаша баяндау жайында әңгіме» атты тарауында келтірген:

Әзм иле сәба иет гол ханданимге
Ни гол ке құяш дик мәһ табанимге
Иет кил дағы иштияк бирле пендин
Зәнһар дигил сәлам тут ғанимге

Сөздігі:

Әзм: табандылық, бір іске ниет ету
(араб)

Сәба: тәңіртең, таңғы мезгіл (араб)

Хәндан: күлімсіген (парсыша)

Қуяш: ?

Мәһ: ай (парсыша)

Табан: жарқын, жылтыр, сәулелі
(парсы)

Эштияк: шабыт (араб)

Зәнһар: сақ бол (парсы)

Гүлге ұксап тұрғайсың, таң сәріде ашылған,
Гүлге теңе ойымызды жігерленіп тасыған.
Шабыттанып келгенде гүлдер ашсын қақпасын,
Сәлем айтып, тез жеткін, пәледен құдай сақтасын.

Мырза Хайдар Саид хан өлгенше оның қызметінде болды. Бірақ хан қайтыс болғаннан кейін оның ұлы Рашид хан әмірліктегі Дулат әулеттеріне

қысым жасап, оларды қудалай бастаған-ды. Автор Саид ханмен болған сол бір тамаша кезеңді еске алып, Рашид ханның жауыздық істеріне түңіліп жүретін. Оңашада парсы да, түркі де бәйіттер жырлап мұң шағатын. Тағдырдың қыңыр мінезіне шағым айтып, түрікше рубайи да жырлады.

Жанане жәфалар ке мәнға қилмадингиз
Бір зәрре мәнға рәһм нига қилмадингиз
Юз кәтәла вәфа вәһде қилиб сиз амма
Бир кәтәла бу вәһдеге вәфа қилмадингиз [5-298^б].

Сөздігі:

Зәрре: тигтей (араб)
Рәһм: рақым (араб)
Кәтәла: қайта, рет

Вәһде: уәде (араб)
Вәфа: опа берілу, табанды болу (араб)
Амма: бірақ (араб)

Аудармасы:

Қорлаудайын қорладың, жаным, сені сүйсем де,
Мейірімінді төкпедің маған қарай тигтей де.
Уәдені бердіңіз, опа қылып жүз рет,
Енді уәде бұзбаңыз тым кұрыса бір рет.

Мырза Хайдар Рашид сұлтанның жауыздығынан үрейленіп, Бадахшан маңында бір жұмыспен жүргенде Рашид ханның қызметшісімен кездесіп қалған. Сонда түрік тілінде көңіл қамын өлеңдетіп, қызметші арқылы Рашид сұлтанға жібереді. Түрікше өлеңі (кита):

Шәрт-е әһду вәфа у меһру кәрәм
Бәрчесини әжәб әдәм қылдинг
Мәзһабингда жәфа кәрәм ирмиш
Барәкәлла әжәб кәрәм қилдинг
Гәр беналәм зе дел [зар] бәр әйәд нале
Вәр бе гәрйәм зе гол-е тире беруиәд лале [5-309^б].

Сөздігі:

шәрт: шарт, серт (араб)
әһд: 1. уәде, 2. дәуір, кезең (араб)
меһр: мейір (парсы)
бәрче. Барша
әдәм: жоқ қылу – жоқ болу (араб)
мәзһаб: жол, ұстаным (араб)
кәрәм: жомарттық (араб)
барәк-әлла: бәрекелде (араб)

нале: нала, зар. Беналидән – зарлау (парсы)
гәридән: жылау, бегарйәм: жылайын (парсы)
тире: қара-қоңыр, түнерген, қараңғы, түнек (парсы)
руидән: өсу, беруиәд: өседі (парсы)
лале: қызғалдақ, лала

Аудармасы:

Уәде еттің болуға кешірімді, мейірімді,
Жоқ қылдың ғой, түгелдей, тазаладың көңілді.
Кешірімді болдың ғой, зұлымдардан кеттің де.
Ғажап болды, мінекей, кешірімге жеттің де.
Шын жүректен қамықсам өткен күнге кешегі
Зарлап, жылап налысам қызғалдақтар өседі.

Мырза Хайдар еңбегінің «Бабыр патшаның ата-тегі және оның моғол хандарымен туыстығы һәм қызметінің бастапқы кезеңі жайында әңгіме» атты тарауында Бабыр патша хақында мәлімет береді. Онда Бабырдың әкесі қайтыс болғанда, ол он екі жаста екенін айтады. Бабыр кейінірек әкесінің казасын «Вәкане» «Оқиғалар» атты тарихи шығармасында түрік тілінде көркем түрде баяндапты: «Душанбе куни рамазан айынг турти, вә Омар шейх Мырза кәбутәрхане биле учуб шунқар болды, отуз тоқуз яшар эмди» (1494жылы) [5-98^b-99^a]

Сөздігі:

Душәнбе: дүйсенбі (парсы)

Кәбутәр: кептер (парсы)

Қазақшасы:

«Дүйсенбі күні Рамазан айының төрті, Омар шейх Мырза кептерханасының кептерімен ұшып сұңқар болды. Отыз тоғыз жаста еді».

Бұл мәтінде тек қана айтылу айырмасы мен жазылу ерекшелігі бар. Әйтпесе, барлық сөздері қазақ тілінің төл сөзіне айналып кеткен. Бұндағы көңіл бөлетін жәйт Бабыр патша «ол өлді» дегенді «сұңқар болды» деп жазған. Бұл, әрине, түрік халықтарының Ислам дәуірінен бұрынғы нанымынан хабар береді. Бұл жайында В.В.Бартольд «Орта Азия түрік халықтары тарихы» атты кітабында: «Орхон жазбаларында түрік халықтары арасында адам өлгеннен кейін оның жаны құс не жәндікке айналады деген сенім болғаны анық. Орхон жазбаларында өлген кісіні «Ол ұшып кетті» деп жазған. Әрі Батыс түрік халықтары Ислам дінін қабылдаған соң да «ол өлді» деудің орнына «сұңқар болды» сөзін қолданған» деп жазды [6.27].

Сұңқар сөзі күні бүгінге дейін қазақ әдебиетінің көркем шығармаларында поэзия мен прозада, халықтың мәтел-мақалдарында кеңінен қолданылып келе жатыр.

Қазақ халық әдебиеті «Болат-Жанат» дастанында және халық әдебиеті өкілдері Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668-1781), Махамбет Өтемісұлы (1804-1846), Шернияз Жарылғасұлы (1807-1867), Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835-1898), Базар жырау Ондасұлы (1842-1911), Албан Асан Бармақұлы, Жанақ Қамбартегі, Жамбыл мен Құлмамбет сынды ақын-жыраулар сұңқар қыран құсты өз жырларына арқау еткен. Мәселен, Бірімжан шешен қазақтың

белгілі діни қайраткері Марал Ишан Құрманұлы (1780-1841) қайтыс болғанда оның үлкен ұлы Қалқайға:

... ұядағы балапан,
Ішіндегі біреуін,
Сұңқар етсе – тәңірден.
Кешегі өткен ер марал,
Халықтан озған тұлпарым,
Ұшыруға кім қияр... , –

деп көңіл қос айтқан.

Қорытып айтқанда, «Тарих-и-Рашиди» еңбегіндегі түрік тіліндегі бәйіттер тілдік тұрғыдан да, дүниетанымдық тұрғыдан да, әрі саяси-мәдени кеңістігімізді орта ғасырлар аясында зерттеуге айтарлықтай нақты да сенімді дерек көзі бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мырза Мұхаммед Хайдар Дұғлат, «Тарих-и-Рашиди», Тәжікстан Ғылым академиясы, қолжазба қоры, №475.
2. Бейзад-Бейзади, Әзірбайжанша-парсыша фәрһанг, Тегһран, «Фәрһанг муасер» баспасы, 1382 (2004), - 1183б.
3. Ұйғыр әдебиеті тарихы, Шыңжаң, «маарып» баспасы, 1993, 662 б.
4. Молда Мәди Меркішұлы, «Шығармалары», А. ЖСО «Издательство LEM» - 2005, - 304б.
5. М.Х.Дұғлат «Тарих-и-Рашиди», Ташкент, Бируни атындағы шығыстану институты, қолжазба қоры. №1430.
6. В.В.Бартольд «Орта Азия түріктерінің тарихы» парсы тіліне аударған – Ғаффар Хұсейін, Тегһран, «Тус» 1-басылым, 1376 (1998) 316б.

RESUME

Islam Zhemenci (Almaty) Turkic poems in “Tarikh –i-Rashidi” work

The article deals with the Turkic poems in the famous “Tarikh-i-Rashidi” by Mukhammed Haidar Dulat and the problems of the etymology of poems’ word stock, the substantial translation into Kazakh language.